

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE

МРНТИ 17.82

<https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-7804.07>

*Жетібай Р. Қ.,¹ Сапарова Ш. Ә.²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

8D02305 – Әдебиеттану мамандығының
2 курс докторанты, raximberdi777@mail.ru

²Т.Қ.Жургенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы, Қазақстан
оқытушы, shaha-soprano@mail.ru

Ж.НӘЖІМЕДЕНОВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Жүмекен Нәжімеденовтың “Солай, ұлым”, “Азамат ауылы”, “Көне жұрт”, “Бақсы”, “Орқиік” әңгімелері жан-жақты талданады. Әңгімеге авторлық тенденция тұрғысынан, көркемдік құрылым тұрғысынан талдаулар жасалады. Тақырыптық ерекшелігі мен идеялық өзгешеліктері сараланады.

Сонымен қатар 60-80 жылдардағы әдеби үдерістерге шолу жасалынады. Мазмұндық және пішіндік тұрғыдан талданып, көркемдік әлеміне шолу жасалады. Өзекті идеялары талқыланып, тақырыптары әдеби жіктелім бойынша жіктеледі.

Мақаланың маңыздылығы өткен дәуір прозасында талданбай кеткен Жүмекен әңгімелерінің тақырыптық және идеялық ерекшеліктерін талдау болса, өзектілігі сол кезеңдегі әңгімелерден артықшылығы мен кемшілігін салғастыра отырып, сол дәуірдің басты тақырыптары мен өзекті идеяларын айқындау. 1960-1980 жылдарда жазылған Ш. Мұртаза, С. Мұратбеков, А. Сүлейменов сынды прозаиктердің өз кезеңінде жақсы бағасын алған әңгімелерінің негізгі тақырыптары мен басты идеяларын мысал ретінде келтіре отырып, Жүмекен әңгімелеріндегі көтерілген тақырыптармен салыстыру. Олардың өзге қаламгерлердің туындасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқын көрсетті.

Түйін сөздер: деталь, әңгіме, эстетика, кейіпкер, тенденция, авторлық концепция

*Zhetybai R.K.,¹ Saparova Sh.A²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

Specialty 8D02305-Literary studies
2nd year doctoral student, raximberdi777@mail.ru

²T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,
Almaty, Kazakhstan
teacher, shaha-soprano@mail.ru

THEMATIC AND IDEOLOGICAL FEATURES OF THE STORIES OF Zh.NAZHIMEDENOVA

Abstract

The article comprehensively analyzes the stories of Zhumecken Nazhimedenov “Солай, ұлым”, “Азамат ауылы”, “Көне жұрт”, “Бақсы”, “Орқиік”. The analysis of the plot is carried out from the point of view of the author's process, from the point of view of the artistic structure. There are thematic features and ideological features.

There is also an overview of the literary processes of the 60-80s. It is analyzed from the point of view of content and form, and an overview of the art world is made. Current ideas are discussed and topics are classified according to the literary classification.

The relevance of the article is to analyze the thematic and ideological features of conversations that are not analyzed in the prose of past eras, to identify the main topics and current ideas of that era, to compare the advantages and disadvantages of stories of that period. Comparing the topics raised in the stories of Zhumeken Nazhimedenov, we can give an example of the main themes and main ideas of the stories of prose writers who received a good rating in their period, such as Sh.Murtaza, S. Muratbekov, A. Suleimenov, written in the 1960s and 1980s. He clearly showed their similarities and differences in the works of other writers.

Keywords: detail, history, aesthetics, character, trend, author's concept

**Жетыбай Р.К.,¹ Сапарова Ш.А.²*

*¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан
докторант 2 курса специальности 8D02305 - литературоведение
rahimberdi777@mail.ru*

*²Казахская Национальная Академия искусств имени Т.К.Жургенова,
Алматы, Казахстан,
преподаватель, shaha-soprano@mail.ru*

ТЕМАТИЧЕСКИЕ И ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РАССКАЗОВ Ж.НАЖИМЕДЕНОВА

Аннотация

В статье всесторонне анализируются рассказы Жумекена Нажимеденова “Солай, ұлым”, “Азамат ауылы”, “Көне жұрт”, “Бақсы”, “Орқиік”. Анализ сюжета осуществляется с точки зрения авторского процесса, с точки зрения художественной структуры. Существуют тематические особенности и идейные особенности.

Также есть обзор литературных процессов 60-80-х годов. Он анализируется с точки зрения содержания и формы, и делается обзор мира искусства. Обсуждаются актуальные идеи и классифицируются темы в соответствии с литературной классификацией.

Актуальность статьи заключается в анализе тематических и идейных особенностей бесед, не анализируемых в прозе прошлых эпох, выявлении главных тем и актуальных идей той эпохи, сопоставлении достоинств и недостатков рассказов того периода. Сопоставляя поднятые темы в рассказах Жумекена Нажимеденова, можно привести в пример основные темы и главные идеи рассказов прозаиков, получивших хорошую оценку в свой период, таких как Ш. Муртаза, С. Муратбеков, А. Сулейменов, написанные в 1960-1980-е годы. Наглядно показал их сходство и различие в произведениях других писателей.

Ключевые слова: деталь, история, эстетика, характер, тренд, авторская концепция

Кіріспе. Жұмекен әңгіме жанрында соны із салды десек, ағаттық болар. Дегенмен, 1960-80 жылдарда Т. Ахтанов, Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов, Ш. Мұртаза сынды марғасқалар прозасының көркін қыздырды. Дәлел ретінде мына пікірді қоса ұсынамын: “Қазақ әдебиеті үшін 60-жылдар табысты болды. Бұл тұста бір топ жас буын өкілдері әдебиетке келді. Бұлар – М.Әуезов, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов мектебінен шыққан жастар еді. Қазақ әдебиетіне Т.Әбдіков, М.Әбдіқалықов, О.Бөкеев, Д.Досжанов, С.Елубаев, Қ.Жұмаділов, О.Иманәлиев, С.Мұратбеков, Ш.Мұртазаев, Жайсаңбек Молдағалиев, Қ.Найманбаев, М.Мағауин, С.Жүнісов, Ш.Құмарова, Ә.Тарази, Т.Тілеуханов, Ә.Сараев, С.Санбаев, М.Сүндетов, А.Сүлейменов, М.Сқақбаев, О.Сәрсенбаев, Р.Сейсенбаев, С.Ғаббасов, М.Қабанбаев, Қ.Мұханбетқалиев, Қ.Ысқақов сынды жаңа есімдер келіп қосылып, алғашқы қадамдарынан көп үміт күттірді. Сөйтіп олар 70-

жылдардың өзінде қазақ әдебиетінің негізгі күшіне айналды.” [1, 85]. Бұлардың арасынан түрен салып тыңнан бастама көтеру мүмкін емес-ті. Әйтсе де, Жүмекен шығармашылығы оның ішінде проза жанры өзіндік тақырыптық әр алуандылық, идеялық тұтастық жағынан әдеби айналымда таңба қалдыра алды. Оның қаламынан туған “Азамат аулы”, “Ашақ-Мәші әңгімесі”, “Оркийк” әңгімелері өз кезеңінде оқырманның ерекше ықыласына бөленді. Сонымен қатар идеялық өзгешелік таныта білді.

1960 -80 жылдардағы қазақ әңгімелерінің негізгі тақырыптары соғыстан кейінгі қазақ өмірі, өнер адамдарының тағдыры, туған жер, әйел-ана бағытында өрбіді. Қаламгерлердің басым бөлігі осы тақырыптар аясында көркемдік ізденістерге барды. Сюжеттік бірізділіктен қашты. Бұл жайында Қазақ әдебиетінің тарихы еңбегінде: “60-80 жылдары әңгіме жанры мазмұн, түр (форма) жағынан да үлкен табыстарға жетті. Түрі жағынан шартты түрде реалистік, романтикалық, символдық деп бөлсек, реалистік әңгімелердің өзін тақырыбына қарай: “Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі”, “Өнер және өнер адамдары”, “Әйел – ана”, “Атамекен, туған жер”, “Бүгінгі ауыл” және “Махаббат тақырыбы” деп топтауға болады.” [1, 85]. – деген пікірді келтіреді. Расында солай. Мәселен О. Бөкейдің “Терісаққан” әңгімесі – кеңес дәуіріндегі қазақ халқының “трагедиялық хал-күйін” көрсететін әңгіме. Мұнда ешқандай кейіпкер де, тартыс та жоқ. Тек авторлық ойдың шегінісі арқылы қазақтың өткен тарихына шолу жасалып, замана сырын ашылады. Өзеннің теріс ағуы – тоқырау жылдардағы қазақ халқының ата-баба дәстүрінен айрылуы. Жаңа заманның жаңа заңы ескі әдет-ғұрып, салт-дәстүрден безуге үйретті. Автор халық өміріндегі осындай жайттарға бейжай қарай алмады. Ол табиғат пен адамды біртұтас бірлікте суреттеп, өзенге жан, толқындарына тіл бітіреді. Оны алапат дүлейге де, тасыған қуанышқа да теңейді. Сонымен қатар, О. Бөкейдің “Апамның астауы” әңгімесінде әйел баласын қазақ елінің қасиеті ретінде көрсете білген. Ол қазақтың этникалық, этнографиялық, тіпті археологиялық байлығының негізін әйел бейнесімен байланыстырады. Әрбір абзацты “Апам менің...” деп бастаған автор апасының әрбір ісін сағына еске ала отырып, “Иә, адам өмірі де сол жарық астау сияқты қаңсып қалады екен-ау...” деп өмір жайлы философиялық түйін жасайды. Әңгіменің өн бойында “Апам менің...” деген тіркес бес рет қайталанатын. Осы қайталау негізінде автор сыр шертеді. Оның “Апам менің...” деген әрбір сөзінде анаға деген сағыныш қана емес сол аналармен бірге ұлттық салт-дәстүрлеріміздің келмес сапарға аттануын көрсетер ауыр күрсініс байқалады. Жастардың санасына ескі әдет-ғұрыпқа шошына қарауды сіңірген зымиян саясат алдындағы автордың жан айқайы – “Апам менің...” деген жоқтаудан көрінгендей. “Хан көтеріп, пір тұтудың орнына, шікірейіп жүріп, өлтіріп алдық; егер ол ортамызда жүрген шағында ардақтап, әр сөз, әр ісін жоқ дегенде үйреніп үлгерсек - өлмегені ғой, өлтірмегеніміз ғой, ал біз тірі кезінде-ақ өлтіріп аламыз” [2]. – деген монологтың өзі-ақ әңгіменің идеясын ашады. Автор адам өмірі де қаңсыған астау секілді қаңсып қалады екен-ау деген түйін жасайды. Бұл әңгімеден қазақ еліндегі өлімге қатысты жөн-жоралғыларды көрсек, ескінің көзіндей болған ұлттық қолөнердің ұмытылып бара жатқанына, оған қызығушы жастардың табылмауына кезігеміз. Бұл – өмір шындығы. Ол – кешегі кеңес заманындағы ескіден безініп, оған шошына қарауға үйреткен саясат салқыны. Міне осындай символдық берілімдер арқылы, сюжеттік сырлар мен диалогтық құпиялар арқылы түрлі көркем дүниелер туып отырды. Осындай марғасқалармен қатарлас Жүмекен әңгімелері де өзекті идеяларды, тың тақырыптарда қалам тербеді. Осы талдау барысында Жүмекен әңгімелернің ерекшеліктеріне толықтай саралау жасайтын боламыз.

Әдістеме. Бұл мақалада З. Қабдоловтың “Сөз өнері”, Қ.Жанұзақованың “Әдебиеттануға кіріспе”, К. Ахметовтың “Әдебиеттану әліппесі” Ж. Дәдебаевтың “Тақырып және идея” еңбектерін басшылыққа ала отырып Жүмекен Нәжімеденовтың әңгімелерінің тақырыптық және идеялық ерекшеліктеріне тоқталамыз. 1960-1980 жылдардағы әдеби үдеріске шолу жасап, сол кезеңнің негізгі тақырыптарын Ж. Нәжімеденов әңгімелерінің тақырыптарымен салыстырамыз. Осының негізінде талдайтын әңгімелеріміздің тақырып пен идея тұрғысынан ерекшелігін анықтаймыз.

Нәтижелер. Жүмекен әңгімелерінің тақыптық ерекшелігіне кіріспес бұрын ғалымдарымыздың тақырып және идеяға қатысты пікірлерін келітіріп бағытымызды айқындап алу маңызды шарт. Тақырып пен идея жайында көптеген пікірлер бар. Солардың ішінде З. Қабдолов “Сөз” өнері» еңбегінде: “... тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы.” [5, 150] – дейді. Ал Қ.Жанұзақова “Әдебиеттануға кіріспе” еңбегінде: “Көркем шығармаларда әлемнің, дүниенің үйлесімділігі немесе қарама-қайшылықты бейнесі, кейде оның кейбір қырлары: табиғат құбылстары, ең бастысы, адам өмірі көрініс табады. Тақырып нақты шындық болмыс пен көркемдік болмыстың арасындағы алтын көпір сияқты.” [4, 50] – деп өз ойын тұжырымдайды. Ғалым К. Ахметов “Шығармаға атау болып тұрған сөзді немесе сөз тіркесін тақырып деп білу – нағыз қарабайыр түсінік. Себебі, “тақырып” ұғымының мәні одан гөрі әлдеқайда кең. Мәселен, қазіргі кезеңнің өзінде “тақырып” деген термин екі түрлі мағынада қолданылады: 1) Шығармада бейнеленген өмірлік материал ұғымында; 2) Шығармада көтерілген негізгі қоғамдық проблема ұғымында. Бірінші анықтаманың да кей тұстарда дұрыс келетінін жоққа шығаруға болмайды. Алайда екінші анықтама “тақырып” ұғымының мәнін неғұрлым дәл береді.” [6, 81] -деп, алдыңғы пікірлерге тоғысқан ой білдіреді. Жоғарыда келтірген ғалымдардың пікірінен өмір шындығын көркем суретпен жеткізу тақырып болса, өмір шындығының жеткізбек болған тәлім-тәрибесі мен гираты идея болады деген қорытынды шығаруға болады. Тақырып пен идея мәселесін анықтап алдық. Ендігі мәселе тақырыптардың жіктелуі туралы. Ол жайында ғалым Қ. Жанұзақованың “Әдеби шығармалардағы тақырыпты талдау барысында оны шартты түрде екіге жіктеуге болады: мәңгілік және тарихи тақырыптар” - деген тұжырымын басшылыққа алсақ талдауда тура жол тұтқан боламыз.

Талқылау. Солай ұлым. Анасы мен қызының арасындағы диалогке құрылған әңгіме. Анасы (оны әңгімеде кемпір дейді) сабау сабап отырғанда қызы (келіншек деп атау берген) анасына келіп өзінің әңгімесін бастайды. Әңгіме дегенде қайбір жетіскен әңгіме дейсіз, өзінің ерін жамандайды. Ол еркек емес ез, оның қолынан ештеңе келмейді. Бұрынғы балаларына алимент төлейді, маған ештеңе жоқ деп налиды. Содан әрі әңгімесін жалған басқа еркек ұнайтынын айта бастайды. Піркәшік деген кісі мен үшін бәрін жасайды деген әңгімені қаузаиды. Қазиды (күйеуі) мүлдем жақтырмайтынын жеткізеді. Өзге еркекке қосылғысы келетінін айтады. Сонда анасы ашуланды да сабаумен қызын ұрып өлтіреді.

Осындай шағын фабула. Шағын болса да мағынасы өте тереңде жатыр. Бұл әңгіменің тақырыбы отбасы тұтастығын сақтау болса, идеясы отбасын сақтамаудың ақыр-соңы қасіретпен аяқталады дегенге саяды. Анасының қызды ұрып өлтіргені тағдырдың ұрғаны деп қабылдау керек. Себебі кісі өз қолын өзі кеспейді ғой. Әңгіменің тақырыбын автор мәтіннің өзінде-ақ кемпірдің сөзі арқылы “- Заманда жұмысың болмасын. Қит етсе заман, заман дейсің, түге, заманды қайтесің, ошағыңды қазып, отыңды жақсаң, қай заманның да шаңырағынан түтін шығады.” [3, 323] осылайша жеткізіп берген. Әңгімеде біз арын сатпаған ананы көреміз. Ерді бағалайтын жарды көреміз. Әрине ол Қазидың әйелі емес. Қазидың енесі. Сонымен қатар қазақы ғаламат түсінікті көреміз. Оған кемпірдің мына сөзі арқылы: “- Асылық сөйлеме қызым. Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық деген. Азаматты қорлап, ұрмаққа барған ұрғашыны естіген емен.” [3, 327] көз жеткіземіз. Бұл сөзде тақырыпты толықтай ашуға негіз болып тұр десек артық айтқандық емес. Әңгімеде отбасы құндылығы мен қатар оны сақтаудың жолы да кейіпкер сөзі арқылы берілген. “- Сенің атаң, ұлым, ат баптап, ән салғаннан бөтен ештеңе тындырмаған кісі еді, ел қыдырып, жұмалап жоғалып жүрді, сонда да үйі орнында, шаруасы шалқақ-тұғын. Азамат деген атының өзі асырайтын. Ойбой, дүние-ай соның алдынан шығып, атының аяғын тұсаудың өзі бір ганибет боп, ауыл-үй, абысын-ажынға қыр көрсетіп, бір жасап қалушы едік.” [3, 323] – дейді кемпір, шалын

еске алып. Осы жерде үлкен идея, ғаламат насихат жатыр. Ер азаматты қадірлеу арқылы биіктеуге болатыны, отбасын сол арқылы берекеге толтыруға мүмкін екендігі толық айтылған. Кейіпкері арқылы идеяны жеткізіп тұр. Толық мәнді ашып тұр деп айтпасақ та негізгі ойға жеткілікті дәрежеде өң беріп отыр. Көркем шығармадағы идея мәселесін талқылай келе ғалым К. Ахметов “Кейбір идеялар автордың өз пікірі арқылы тікелей (көбінесе лирикада) немесе жағымды кейіпкердің сөзімен беріледі.” [6, 83] – деп пікір білдіреді. Біз келтірген мысал ғалымның берген анықтамасын дәп басып тұр. Ал енді тақырып тұрғысынан жіктеуге келер болсақ “Солай, ұлым” әңгімесі мәңгілік тақырыпқа жатады. Себебі бұл әңгімеде қозғалған отбасы тұтастығы мен құндылығы тақырыбы қай дәуірде болмасын маңызды әм өзекті. Ол жайында ғалым Қ. Жанұзақова: “Мәңгілік тақырыптар түрлі ұлттардың тарихында барлық дәуірлер мен кезеңдерде, түрлі ұрпақтардың өмірінде кездесе беретін, қайталанатын жағдайларды қамтиды” [4, 51] – деген пікір айтады. Осы және жоғарда берілген пікірлерді назарда ұстай отырып, “Солай, ұлым” әңгімесі отбасы құндылығын насихаттаған мәңгілік тақырыптар санатына жататын әңгіме деп қорытындылаймыз.

Азамат ауылы. Азамат деген ақкөңіл жігіт бар-жоғы 7-8 өгізін саудаламақ болып шығады. Содан әлгі өгіздерді арбаға жегілген қос атқа алмастырады. Қос атты бір арғымаққа алмастырады. Үстіндегі шапанын бөрікке алмастырады. Бөрігін жел ұшырып әкетеді. Өзі дымнан дымсыз қалады. Оны істеткен бай балалары болады. Олар бұл оқиғаны сырттай бақылап, енді әлгі Азамат үйіне барған соң қатыны оны түтіп жейді деп ойлайды да Азаматтың үйіне қарай бет алады. Өз ішінде Азаматтың келіншегі мұның саудасын есітіп төбе шашы тік тұрады деп бәс тігеді. Сөйтіп Азаматтың үйіне келеді. Үйге кірген соң Азамат жарына барлық оқиғаны айнадай шын баяндап береді. Жары оны мұқият тыңдап, сүйсініп бөтен қылық көрсетпейді. Бай балалары аң – таң болады. Бәрінің басы салбырайды. Азамат үйіндегі соңғы торпағын осыларға сойып береді. Сосын 1930 жылдарда ТООЗ құрылған кезде азаматтың үйінің қақ маңдайына “Азамат ауылы” деп жазылады.

Әңгіме осындай оқиғаға құрылған. Ешқандай тартыс жоқ. Күрделі сюжет жоқ. Бірізді баяндау формасындағы әңгіме. Бұл әңгіменің тақырыбын автор эпиграф арқылы меңзейді. Азаматтың әйелі утопиялық кейіпкер ретінде көрініс бергенімен үлгі болуға әбден тұрарлық кейіпкер. Оның сабыры мен түсінігі ұлы Абайдың “Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.” [7] сөзіне саяды. Ерді қадірлеу, құрметтеу оның шешімдері бұрыс болса да оны терістемеу керектігін көрсетеді. азаматтың әйелінің сыр-сымбаты арқылы ешқандай тартыссыз әңгіменің тақырыбын ашады. Әйел адамның ерді қанша құрметтесе елінің алдында екі есе құрметке бөленеді деген ойды айтады. Ол идеяны кішкене үйдің қақ маңдайына “Азамат ауылы” деп жазылған жазу арқылы жеткізеді. Бүкіл елдің арасында белді кісілер бар, атын ауылға беретін ерлер бар, бірақ автор шешімге өзгеше рең береді. Ерін құрметтеген әйелдің нәтижесін көрсетеді. Осы орайда алдыңғы мақалдағы мына бір ойды қоса кету жөн секілді: “Жүмекең “Азамат ауылы” деген әңгімесі сол даналықтың насихаты іспетті. Соған қоса барлық қазақ ауылы “Азамат ауылы” болса екен деген игі тілек еді. Ал сол азамат ауылын жасайтындар, қазақтың қайсар әрі ибалы әйелдері еді.” [8, 224]. Қазақтың тағы бір дана сөзі бар ғой: “Ақылды әйел күйеуінің ойнап айтқанын, Ойлап талдайды.” -деген [9]. Әңгіменің бар оқиғасын осы сөз жеткізіп тұрғандай-ақ.

Қорыта келгенде, бұл да жоғарыда талдаған әңгімелеріміз секілді отбасы ең құнды, ең қымбат деген ойымызға саяды. Ер адамды құрметтеуге қастерлеуге үндейді. Тақырыбы ер адамды құрмет тұту болса, идеясы ерді сіз құрметтесеңіз ел мәртебесін биіктетеді дегенді білдіреді. Ал, тақырыптық жіктелу тұрғысынан мәңгілік тақырыптарға жатады. Себебі бүгін де бұрын да келешек те де отбасындағы ер азамат мәртебесі өзекті болып қала береді. Оның орны мен беделі қашанда трендте тұрады. Бұл әңгіменің тағы бір ұшы советтік «әйел мен ер тең» деген тенденциясына қарсылық тұрпатын танытып тұр.

Қазақтың ұлттың жады түсінігінде әйел ерден бір саты төмен тұрады. Ол өзінің дәстүрінде де дінінде де шегелеп белгіленген дүние. Советтік билік бұл түсінікке сызат түсірген-ді. Жұмекен өзі амбициясы жоғары деңгейдегі азамат болғандықтан осы тақырыпты көтерген. Бұл әңгіме кешегі емес бүгінгі қазақ қоғамына ауадай қажет тәлімдік әңгіме. Сол себепті де тақырып өзекті һәм ұтымды.

Көне жұрт. Әңгімеге берілген тақырыпты оқыған кезде сонау бір засырлар тоғысындағы ауыл ма, әлде бір тарихи кезең бе бе деген ой келеді. Дегенмен бұл әңгіменің берілген атауға қатысы болғанымен негізі түйіні басқа мәселе. Кеңінен тарқатайық. Қабен мен жарына «кет» деп жатады. Оның мәнісі әйелінің ойнас жасағандығы. Содан кейін Қабен сондай байламға келеді. Автор кері шеігінс жасап Қабеннің өткені туралы азды-кем сөз қозғайды. Ол кезінде (үйленген соң да) бөтен ұрғашы жынысымен көңіл қосқан. Бір емес бірнеше рет. Бәлкім соның зардабы шығар деп қояды автор. Бұл әңгімеде тартыс жоқ, диалог жоқ, авторлық баяндау мен монологтан тұрады. Қабеннің ішкі жан күйзелісінің суретін береді. Содан не керек Қабен жарын да тұрып жатқан жерін де тастап өзінің ескі жұртына бет алады. Жол бойынша шаршап бір жерге тынығуға тоқтаған сәтте көзі ілініп кетеді. Түс көреді. Түсінде әйелі мен бала – шағасының бөтен еркекпен бір көлікте кетіп бара жатқанын көреді. Жарының өте қуанышты ал балаларының ебіл-дебіл болып жылап жатқанын көріп дел-сал күйде оянады. Содан автор әңгімені: “Алдында ені екі жүз шақырымдай жерде ел жоқ, сапар тым ұзақ, бірақ ол үй ішін – ескі жұртын көзі жұмылғанша іздеуге бел байлап еді. Кім біледі, бәлкім табар?!” [3, 336] – деп аяқтайды.

Бұл жердегі “көне жұрт” символика. Қабен нені жоғалтты? Ол өзінің ең қадірлі отбасын жоғалтты. Оған не себеп болды? Бұл жайында шығармада толық ақпарат жоқ, дегенмен тұспалдауға болатын сияқты. Бірінші себебі: Қабеннің отбасына көңіл бөлмей, бөтен ұрғашылармен уақыт өткізуінде. Екінші себебі: Жеткілікті назарды және қажеттілікті ала алмаған соң әйелінің қуатты еркектің астына түсуі. Әңгіменің желісіне қарасақ осы екі себептен артық дүние көре алмайсыз. Балалардың көз жасын қосуы да тегін емес. Олардың обалы кімге? Келіншегі неге маз болып отыр? Балалар неге қуанышты емес? Өз әкесінің орнына біреу әке болам дегенде бала қуана қоймас, оның үстіне өз әкең тірі тұрағанда. Ал келіншегі, келіншегі өзіне керек дүниені әлгі еркектен алды. Автор әңгіме арасында “Бұл да бір кезде сондай болған. Ісін ойнап жүріп бітіретін. Иә-иә, өмір солай, бір әйелге өзі берген қорлықты екінші әйелдің қолынан қайтып алды. Дүние кезек, ақымақ!” [3, 333] - деген сөйлемді келтіреді. Осы сөйлемнен әңгіменің тақырыбы мен идеясы шыға келеді. Әңгіменің негізгі тақырыбы ақ төсекке қиянат жасау. Ал, негізгі идеясы қиянаттың зардабы зор әлі ауыр болатыны. Тақырыптық жіктелу бойынша мәңгілік тақыптар санатына жатады.

Қорыта келгенде, “Көне жұрт” әңгімесі отбасы құндылығын насихаттай келе ер мен әйел арасындағы байланыстың үзілуінің негізгі факторын қиянатқа әкеп тірейді. Ең алдымен ерлі-зайыпты арасындағы кикілжіңді баяндай келе, кері шегініс жасап оның негізгі себебін түсіндіреді. Одан әріге барып Қабеннің қылған ісін баян етеді. Негізгі күнәнің қайнап шыққан жерін көрсетеді. Сол арқылы тақырыпты ашуға қадам жасайды. Кейін себептің салдарын көрсетеді. Оны түс детальі арқылы жеткізеді. Келіншегінің өзге еркекпен шалқып жүргенін, балаларының көз жасын түс арқылы береді. Осы арада автор себептің салдарын ашады. Қабенді еңсіз далға айдап, оның ескі жұртты іздеп шыққанын баяндайды. Бірақ Қабен ешқандай да ескі жұртын іздеп шыққан жоқтұғын. Ол өзінің бақытты күндеріне оралғысы келді. Соны аңсады. Бірақ барлық болып өткен іс-әрекет оған мұрша бермеді. Автор оны елсіз далаға жіберді. Идеяны осы жерге жасырды. Қиянаттың салдары не болатынын көрсетті. Осы арқылы автор өзінің көзқарасын білдірді. Ғалым З. Қабдолов “Әрбір әдеби шығармада көркем шешімін тапқан идеяның терең тамыры сол шығарманы тудырған суреткердің дүниетанымында, әлеуметтік көзқарасында жатады” - дейді. Осы пікірді басшылыққа алар болсақ, “Көне жұрт” әңгімесінде қиянатты

мансұқтап, отбасы тұтастығын алға тартады. Барлық жанама идеялар осы мәселені қуаттайды.

«Бақсы» әңгімесі. “Бақсы келді” [3, 306] - деген сөзден басталатын әңгіме оқырманға көне заманға оралатын ойды салады. Бірден фольклорлық образды елестетеді. Ауырып жатқан Аңсаған “-Мен ғой өлем” [3, 306] - деген ойда жатады. Әжесі Тәңірден жалғызымды ала көрме деп жалбарынып егіліп жүреді. Сол кезде шақырған бақсылары келеді. Ол бақсысы әлгі Әжесінің елестеткеніндей емес, жап-жас жігіт екен. Сол жігіт қолына домбырасын алып өзінше бірденелер істеп, ем-дом жасаған болады. Кенет үйге бір топ кісілер кіріп бақсы жігіттің қолын қайырып алып кетеді. Аңсаған қайтадан өлім туралы ойлап жата береді.

Әңгіме осындай шағын фабулаға құрылған. Өте үлкен тартыс та көрніс таппайды. Бақсы жігіт ем – дом жасап болған соң оны қызыл жағалылар алып кетеді. Әңгіменің қызық тұсы осы қызыл жағалыларда. Бақсы – дәстүр көрінісі. Қызыл жағалылар – дәстүрді жоюға тырысып жатқан Советтік идеялогия көрінісі. Осы екі символиканы автор әдемі келістірген. Аз ғана шегініс жасап қарар болсақ, советтік кезеңде қазақтың дәстүрін жою процесі кеңінен жүрді. Әсіресе дінге көп қысым жасалды. Автордың әңгімедегі тенденциясы осы еді. Бақсыны алған себебі: бақсының бойында тылсымға сену қасиеті бар. Қазақтың ойында бақсы деген тылсыммен байланыс жасайтын тұлға. Ол жайында “Аңыз түбі – шын, бақсы түбі – жын”[10] деген сөз бар. Бұл дегеніміз – бақсының тылсыммен байланысын көрсетеді. ал дін дегеніміз де тылсыммен байланыс саналады. Ал ол дәуір тылсымды жоққа шығарып, тылсымға негізделген дінді де дәстүрді де жоюға барынша күш салған кезең еді. Авторлық тенденция осыны меңзейді. Осы орайда авторлық тенденция анықтамасын бере кеткен жөн деп ойлаймын: “тенденция – көркем шығармада өмір шындығын бейнелеудегі суреткерге тән ұстаным.” [4, 58]. Осы әңгімедегі әр алуан жеке тақырыптар мен идеялардың басын бір жерге қосып тұрған осы автордың тенденциясы.

Түйіндей келгенде, әңгімедегі негізгі тақырып – қазақтың совет кезеңіндегі дәстүрі дейтін болсақ, өзекті идеясы – сол дәстүрді жоюға жасалған қадамдар. Тақырып пен идеяны бақсының іс – әрекеті мен қызыл жағалылардың іс-әрекетінен көре аламыз. Өзінің адамдық және жазушылық позициясын тең ұстап, сол кезеңнің өте ауыр тақырыбын қозғаған. Айта кететін тағы бір мәселе ол кезеңде мұндай ауыр тақырыпқа бара қойған жазушы болмады. Екінші жағынан алып қарағанда бақсы деген кейіпкеріміз сол кезеңнің өт мықты тұлғасының прототипі болуы керек. Ал аурып жатқан бала - халық. Ұлттың тұлғасы өзінің методына салып ұлттың қараңғыдан алып шықпақ болғанда әлгі қызыл жағалылар келіп мұны алып кетеді. Мұндай оқиға біздің тарихымызда болмады деп айта аламыз ба? Болды, әрине. Бірақ бұл жайында ашып айтылған әңгіме сол кезеңде болды ма деген сауал ғой ең бастысы. Әрине болған жоқ. Сондықтан да “Бақсыдағы” идея өте өзекті. Өз кезеңі үшін де, қазіргі кезең үшін де. Сол себепті тақырыптық жіктелу тұрғысынан «Бақсы» әңгімесін мәңгілік тақырыптар санатына жатқызып, әр ұлт өзінің ежелден қалыптасқан құндылықтары мен заңдылықтарын сақтап ғұмыр кешуі керек деген қорытынды шығарамыз.

“Оркийк” әңгімесі. Қазақ әдебиетінде жан-жануар, аң-құс атауымен берілген көркем шығармалардың біршамасын кездестіруге болады. Атап айтар болсақ, “Айғыр кісі”, “Тазының өлімі”, “Құлагер” “Көксерек” т.б. сынды көркем дүниелер қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар туындалар. Бұл шығармалар тақырып жағынан әр түрлі болып, идеялық тұрғыдан сан алуан болғанымен, бір ұшын фольклорға байланыстырып та тұратыны анық. Оның қатарында “кие” ұғымы да қатарлас жүреді. Жүмекен Нәжімеденовтың “Оркийк” әңгімесі баяндау формасы жағынан да кие ұғымын шығармада астарлы беруі арқылы да фольклорға бір табан жақындай түседі.

Әңгіме, Ханның қырық жігітінің аңшылыққа шығуынан бастау алады. Қырық жігіт аңшылыққа шыққанда алдарынан оркийк кездеседі. Осы оркийкті қуып ұстап өлтіреді. Сол сәттен бастап қырық жігіттің басында қиын күндер басталады. Арып-ашып хан ордасына

келеді. Ханға болған жайтты айтады. Қырық жігітпен еріп келген жұт хан ордасын да тас-талқан етеді. Әңгіме соңында хан ордасы да елі де жер бетінен жойылып тынады.

Әңгімеде фольклорлық үш деталь кездеседі: саятшылық, кие, әңгіменің баяндау формасы. Саятшылық қазақ елінің ежелгі дәстүрінің бірі. Көшпелі жұрттың негізгі кәсібі. Өмір сүру салты. Дәлел ретінде: “Саятшылық – қазақтың байырғы да қосалқы кәсібінің, сондай-ақ көшпелілер үшін күнкөрістің әрі көңіл көтерудің бір саласы.” [11] – келтіруімізге болады. Оған қоса “Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы” еңбегінде “Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың негізгі бір түріне айналды.” [12, 9] – деген пікірді де дәйек ретінде береміз. Бұдан шығатын қорытынды “Орқиік” әңгімесіндегі аңшылық культі фольклормен оның ішінде тұрмыстық фольклормен терең астасып жатқандығын анық көреміз.

Әңгіменің баяндау формасы да фольклорлық негізге сүйенген. Оған мысал ретінде “Жүсіп мерген” ертегісін, “Ортеке”, “Шұбар киік” “Ақсақ құлан” аңыздарын келтіруімізге болады. Түсінікті болуы үшін баяндау формасынан үзінді алып көрсетейік:

Орқиік:

Бұлар – ұлы ханның нөкерлері – шетінен дос, тату, жастары да шамалас жандар: әзірге ел-жер деген сөздердің сыртын қазықтап жүрген хан сарайының сый-сияпатына ғана батқан балпаң еркелер еді. ... Ең ілгері тазыдан арқан бойы жерде мүйізі қылтындап Орқиік қашып бара жатты. Сол-ақ екен, бүйірі қызған жігіттер қиқулай жөнелді. [3, 337]

Ақсақ құлан:

Жошы ханның маңдайына біткен жалғыз ұлы құлан аулауға құмар екен дейді. Құлан аулау қоян аулау емес, қауіп-қатері көп деп хан оны аңға жалғыз жібермейді екен. Күндердің күнінде ханзада әкесінен ұрланып, аңға бір өзі шығып кетеді. Бір жерлерге келгенде жайылып жүрген бір үйір құланды көреді. Қуанғаннан екі көзі жайнап, қорамсағынан сұр жебесін суырып алады да, жазықсыз жануарларды қынадай қырады. Қырудың қызығына түсіп кеткен ол, оғының таусылғанын да білмей қалады. [13, 259]

Екі баяндау формасы да бір-біріне ұқсас. Ертегі, аңыздарда оқиға желісі не хан немесе хан баласы мен нөкерлерінің саятшылығынан басталады. Жүмекеннің орқиігі де жоғары да көрсетілген салыстырма мысалдардағыдай хан ордасындағы нөкерлерден бастаған. Осылайша әңгіменің бір ұшы фольклорға барып тірелген. Ғалым С. Қасқабасов «Қазақтың халық прозасы» еңбегінде “Фольклорлық шығармада уақыт ешқашан кері шегінбейді. Басқаша айтқанда, жыршы немесе ертегіші әдебиеттегі сияқты бір кезде болып жатқан екі-үш оқиғаны қатар көрсетпейді. Мысалы, әдебиетте кейіпкердің өз басынан кешкен оқиғалар баяндалып отырып, автор кейін шегініп, осы кезде оның үйінде не болып жатқанын, оның маңайындағы адамдар қандай әрекет істеп жүргенін, олардың тағдырларын суреттей береді. Ал фольклорлық шығармада олай емес.” [14, 33] – деп шегелеп көрсеткен. Демек, ғалымның жіктеуінің негізінде орқиік әңгімесінің баяндау формасы толықтай фольклорлық форма санатына жатады.

Үшінші мәселеміз әңгімедегі «кие» ұғымы туралы. Әңгімеде орқиікті өлтіргеннен кейінгі қырық жігіттің және хан ордасының ойран-топаны шыққаны туралы айтылады. Бұл жайдан-жай емес. Осы орқиіктің киесі деп түсіндіріледі. Мұндай мысал ауыз әдебиетінде молынан кездеседі. Фольклорда кездесетін «кие» мәселесіне тоқталмас бұрын қазақ түсінігіндегі «кие» ұғымына тоқтала кетсек. Сөздікте кие ұғымына қатысты мынадай мәлімет берілген: “**Кие**– қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшін білдіретін ұғым.” [15]. Яғни “кие” ұғымы - атадан балаға беріліп келе жатқан тамыры терең қасиетті ұғым. Олардың кейбірі өмір заңдылықтары, табиғат, діни сенімдер арқылы қалыптасып ұлттың тыныс-тіршілігіне сіңісіп кеткен. Бұл жайында ғалым Ш. Уалиханов: “Сондай күдіретті күші бар жануарларды «»киесі бар дейді, ал олардың өзін киесі бар деп атайды” [16, 138] – дейді. Сонымен қатар қазақ тыйым сөздерінің ішінде

“Жабайы аңды үнемсіз аулауға болмайды” [17, 132] деген сынды тұспалдар да кездесіп жатады. Дәл осы кие ұғымының әңгімеде және фольклорда берілуі:

Оркиік әңгімесі:

Ертесіне сиыр сәске кезінде Ұлы ханның ордасына жаға жеңдері алу-далу боп қырық қарақшы кірді. Бұла кеше осы уақытта аттанған қарық жайсаң жігіттен мүлде басқа-тын. Көздері қисайып, жүздері түнерген, бір-біріне қас аңсап, қара тілеген өңкей бір қараңғы адамдар содан пайда болды. Содан бастап, «балық басынан» дегендей, алдымен, хан ордасының берекесі ұшты. Артынша әлдекім Қызыл құмға күшәла тастап өлтірді. [6, 340]

Ортеке аңызы:

Ертеңіне Құламергеннің аты үйіне бос қайтады. Аңшының анасы атты ары-бері айналып қайран қалады. Ер-тоқым бүтін, қару-жарағы аман, тек Құламергеннің өзі жоқ. Білгір әйел атты зерлей қарап жүріп, оның бауырының күйгендігін байқайды. Байқайды да: «Балам арасанға түскен екен», – деп жорамалдайды (арасан – қайнап жатқан ыстық бұлақ). Атқа мінген ана өзі білетін арасандарды аралап жүріп, біреуінің ішінен әбден пісіп, сүйегі езіліп кеткен баласының мәйітін табады. [13, 270]

Ақсақ құлан аңызы:

Ханзаданың қауқарсыз халін сезген көсем құлан оны қос өкпеден қос аяқтап теуіп, айдалада өлтіріп кетеді. [13, 259]

Екі мысалда да киелі жануардың киесі ұрып апатқа ұшырайды. Жүмекен әңгімесіндегі кейіпкеріміз де түп-тамырымен жойылып кетеді. Олай болса, әңгімедегі кие мотиві фольклорлық детал болып табылады. Дәлел ретінде ғалым Б. Әзімбаеваның мына пікірін ұсынамыз: “2) жазалау мотиві: бір жағдайда қайырымдылық өтінген аңды өлтірген аңшының олжадан қағылуы, немесе аңға айналуы, немесе төменгі әлемге қуылуы” [18,173]. Жалпы алғанда, әңгімеде кездескен үш деталь: саятшылық, кие, әңгіменің баяндалу формасы бәрі толық фольклорлық таным. Әңгіме осы арқылы да өзінің өзектілігін жоймай отыр. Бүгінгі таңда да табиғаттың тұтастығын бұзбау оны қастерлеу ұлттық ғана емес, жаһандық маңызды мәселе. Түйіндей келгенде әңгіменің өн бойындағы қатігез аңшы образы – фольклорлық образ символы, қатігездік пен менмендіктің өлшемі ретінде берілген. Сонымен бірге ол қазақ тарихының өткен тарихын бүгінмен байланыстырып тұрған саятшылық дәстүрін көрсеткен. Қастерлі кие ұғымын дәріптеп, авторлық баяндауды фольклорлық баяндаумен қабыстырып, мағыналы көркем әңгіме тудырған.

Қорыта айтқанда “Оркиік” әңгімесінің тақырыбы – қазақтың “кие” ұғымы болса, идеясы - әр бір тірі жанның киесі болады, ол кие ұрса жақсылыққа апармайды деген ой болады. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл әңгімеде үш түрлі мәселе қоғалғанымен негізі ой – кие туралы. “Кие” ұғымы қазақ үшін қастерлі де қасиетті, ал басқа ұлттарда да бұл жайында көптеген түсініктер қалптасқан. Яғни кие ұғымы бүгіннің ғана тақырыбы емес өткеннің де, бүгіннің де келешектің де негізгі тақырыбы болып қала береді. Осы тұрғыдан алып қарғанда рухани тақырып аясында өрбіген фольклорлық сарынға негізделген Жүмекен әңгімесі мәңгілік тақырыптар санатына жатады.

Қорытынды. Жүмекен бітімі бөлек ақын. Оны өз кезеңінде барша жұртқа мәлім етті. Бір ғана «Менің қазақстаным» әнінің сөзі оны сол дәуірге де бүгінге де мәшһүр етті. Десе де Жүмекен поэзиясының тілі жетпеген жерге оның прозасы келді. Өз уақытында танымал прозаиктермен қатар тұрып әрі қиын, әрі ауыр жазу машақатына білек сыбана кірісуі бір ауыз сөз қалдырсам деген ниетінен болса керекті. Оның қаламынан туған әңгімелер елдік, ұлттық мүддені қаузайттын идеялар мен тақырыптарға толы. Сонымен қатар советтің езгісін айқын көрсете алған туындылары да бар. Сөзімізді түйіндей келе Жүмекен әңгімелерінің тақырыптық идеялық ерекшеліктері бар және ол сол кезеңнің ақиқатын астармен жеткізген сарабдал жазушы деп анық айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9 – том. Алматы. ҚазАқпарат., 2004 – 462 бет
2. [https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))
3. Жұмеке Нәжімеженов. Толық шығармалар жинағы. 6-том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. 488 бет
4. Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. - Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 276 б.
5. З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті» 1992. – 352 бет.
6. К. Ахметов ӘДЕБИЕТТАНУ ӘЛППЕСІ. Оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. -184 бет.
7. <https://bilim-all.kz/quote/11409>
8. Жетібай Р.Қ. «Ж. Нәжімеденовтың «Азамат ауылы» және «Әйелдер» әңгімесіндегі әйел бейнесі. - ХАБАРШЫ «Филология ғылымдары» сериясы, №4(74), 2020
9. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/36839/>
10. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/bes-paryz/iman/ei-ol-jaqqa-kim-baryp-keldi-deisin-7224/>
11. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
12. Б. Хинаят, Қ.М. Исабеков. Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. – Алматы: “Алматыкітап”, 2007. – 208 бет.
13. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 8: Прозалық фольклор: Аңыздар. – Алматы: Brand Book, 2020. – 472 бет.
14. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер.– Астана: Фолиант, 2014. – 320 бет
15. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
16. Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985 – 560 – бет.
17. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 6: Ғұрыптық фольклор. – Алматы: Brand Book, 2020. – 472 бет.
18. Қазақ эпосының сюжеттері=Сюжеты казахского эпоса: монография/Әзібаева Б.У. – Алматы: «Servise Press», 2014. – 576 б.

References:

1. Kazak adebietinin tarikhy. 9 – tom. Almaty. Kaz Akparat., 2004 – 462 bet
2. [https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))
3. Zhumeken Nazhimezhenov. Tolyk shygarmalar zhinagy. 6 – tom. Almaty: «Kazygurt» baspasy, 2012. 488 bet
4. Zhanuzakova K.T. Adebiettanuza kirispe. – Almaty: «Merei» baspasy, 2015. – 276 b.
5. Z. Qabdolov. Sөz өneri. – Almaty: «Kazak universiteti» 1992. – 352 bet.
6. K. Akhmetov ADEBIETTANU ALIPPESI. Oku kuraly. – Almaty: KAZakparat, 2000. - 184 bet.
7. <https://bilim-all.kz/quote/11409>
8. Zhetibai R.K. «Zh. Nazhimedenovtyң «Azamat auyly» zhane «Aielder» angimesindegi aiel beinesi. - KhABARShY «Filologiiia ыlymdary» seriiasy, №4(74), 2020
9. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/36839/>
10. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/bes-paryz/iman/ei-ol-jaqqa-kim-baryp-keldi-deisin-7224/>
11. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
12. B. Khinaiat, K.M. Isabekov. Saiatshylyk kazaktyn dasturli anshylygy. – Almaty: “Almatykitap”, 2007. – 208 bet.
13. Dala folklorynyn antologiiasy: On tomdyk – T. 8: Prozalyk folklor: Anyzdar. – Almaty: Brand Book, 2020. – 472 bet.
14. Kaskabasov S. Tandamaly. T.1. Kazaktyn khalyk prozasy. Zertteuler.– Astana: Foliant, 2014. – 320 bet
15. https://kk.wikipedia.org/wiki

16. Sh. Ualikhanov. *Tandamaly*. Almaty: Zhazushy, 1985 – 560 – bet.

17. *Dala folklorynyn antologiiasy: On tomdyk. – T. 6: Guryptyk folklor. – Almaty: Brand Book, 2020. – 472 bet.*

18. *Kazak eposynyn siuzhetteri=Siuzhety kazakhskogo eposa: monografiia/Azibaeva B.U. – Almaty: «Servise Press», 2014. – 576 b.*

MPHTI 11.01.05

<https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-7804.08>

*Nagieva A.T.,¹ Yerlan A.²

¹*Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

²*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

¹*master's degree, nagieva@mail.ru*

²*master's degree, anel-erlanova@mail.ru*

STYLE OF PERIODIC PUBLICATIONS OF KAZAKHSTAN

Abstract

Periodicals are defined as publications issued at regular intervals by a certain number of issues numbered, given the same title and issued in the same type. In addition, periodicals tend to continue publishing without a deadline and have an editorial board. Periodicals traditionally include newspapers and magazines, periodical bulletins and periodical collections. The totality of mass periodicals is called the press.

As a mass medium, periodicals have a number of properties of discursive meaningful communication, characterized by completeness, multidimensionality and evidence of judgments. The duration of operation in the media market and the established reputation provide greater persuasiveness and purposefulness of the audience's perception.

Keywords: periodicals, reality, magazine, information

*Нагиева А. Т.,¹ Ерлан А.²

¹ *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

² *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

¹ *магистр, nagieva@mail.ru*

² *магистр, anel-erlanova@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ СТИЛІ

Андамна

Мерзімді басылымдар деп нөмірленген, бірдей атауы бар және бір үлгіде ресімделген шығарылымдардың белгілі бір санымен бірдей уақыт аралығында шығатын басылымдар түсініледі. Бұдан басқа, мерзімді басылымдарға басылымды тоқтатудың белгіленген мерзімінсіз жалғастыру үрдісі және редакциялық алқаның болуы тән. Мерзімді басылымдарға дәстүрлі түрде газеттер мен журналдар, мерзімді бюллетеньдер, мерзімді жинақтар кіреді. Бұқаралық мерзімді басылымдардың жиынтығы баспасөз деп аталады.